



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20__ жылғы _____

№ _____

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

2020 жылғы 22 сәуірдегі
№ 155

**Қазақстан Республикасы
Президентінің Алғыс хатымен
марапаттауға ұсыну үшін жоғары
және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдарының
бітірушілерін іріктеу жөніндегі
қағидаларды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының
2020 жылғы 5 ақпандағы тапсырмасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттауға ұсыну үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілерін іріктеу жөніндегі қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев) осы бұйрықты мүдделі мемлекеттік органдар мен меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәуленовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А. Аймағамбетов

**Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттауға
ұсыну үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарының бітірушілерін іріктеу жөніндегі қағидалар**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттауға ұсыну үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілерін іріктеу жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының 2020 жылғы 5 ақпандағы тапсырмасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттау үшін меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми-зерттеу қызметінде жоғары жетістіктері бар бітірушілерін (бұдан әрі – ЖЖООКББҰ бітірушілері) іріктеудің бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ЖЖООКББҰ бітірушісі – күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру бағдарламасын меңгеруді аяқтаушы тұлға;

2) іріктеу жөніндегі комиссия – Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттау үшін ЖЖООКББҰ бітірушілерін іріктеу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия.

3. Іріктеу жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), басқа да мүдделі мемлекеттік органдар, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

Комиссия төрағасы отырыста оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Комиссия құрамы Министрліктің бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрауы және жеті адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия отырыстары оның құрамының кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды деп есептеледі.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттау үшін ЖЖООКББҰ бітірушілерін іріктеу тәртібі

4. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ЖЖООКББҰ) Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттауға ЖЖООКББҰ бітірушілерін іріктеу үшін жыл сайын 15 ақпанға дейін Министрлікке мынадай құжаттарды жібереді:

- 1) ұсыныс;
- 2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі марапаттау парағы;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ғылыми кеңестің және (немесе) корпоративтік басқарудың шешімінен үзінді;
- 5) ЖЖООКББҰ бітірушісінің жетістіктері туралы куәландыратын құжат (патент, куәлік, дипломдар және т.б.).

Ұсынысқа және марапаттау парағына ректор және (немесе) басқарма төрағасы – ректор қол қояды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттауға ұсыну үшін әрбір ЖЖООКББҰ-дан бір кандидатурадан артық қаралмайды.

5. ЖЖООКББҰ бітірушілерінің құжаттары Іріктеу жөніндегі комиссияның отырысында 5 сәуірге дейін қаралады. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

6. Іріктеу жөніндегі комиссия ашық дауыс беру арқылы алқалы түрде шешім қабылдайды. Шешім, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы дауыс санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Іріктеу жөніндегі комиссия ғылыми-зерттеу қызметінде жоғары жетістіктері бар және мынадай бір немесе бірнеше критерийлерге сәйкес келетін ЖЖООКББҰ бітірушілері бойынша оң шешім қабылдайды:

- 1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары немесе жаңалықтардың, өнертабыстардың авторлары болып табылатын;
- 2) ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар;
- 3) табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар;
- 4) өндіріске енгізуде жоғары әлеуеті бар инновациялық әзірлемелердің авторлары (тең авторлар).

7. Министрлік марапаттауға үміткерлердің тізімін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің қарауына 25 сәуірге дейін енгізеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің
Алғыс хатымен марапаттауға ұсыну үшін
жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілерін
іріктеу жөніндегі қағидаларға 1-қосымша

МАРАПАТТАУ ПАРАҒЫ

1. Тегі, Аты, Әкесінің аты _____
2. Оқу орны, білім беру бағдарламасы _____

(кәсіпорын, ұйым бөлімшесінің нақты атауын көрсету)

3. Жынысы _____

4. Туған жері және туған жылы _____

5. Ұлты _____

6. Білімі _____

7. Қандай республикалық (халықаралық) наградалармен марапатталды
және марапаттау күні _____

8. Мекен-жайы _____

9. Наградталушының нақты ерекше сіңірген еңбегі көрсетілген
мінездеме: _____

Кандидатура талқыланды және ұсынылды

(кәсіпорынның, ұйымның атауы, талқылау күні, хаттама №)

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапаттауға
ұсынылады

Кәсіпорын, мекеме, ұйым басшысы

(қолы)

(Т.А.Ә.)

М.О.

«___» _____ ж.

(толтыру күні)

Ескерту: марапатталушының тегі, аты, әкесінің аты жеке куәлік бойынша толтырылады және қазақ және орыс тілдерінде транскрипциясы міндетті түрде көрсетіледі.